

АРЫСТАН



Дене Бітімі және Сипаты

Арыстан – барлық мысық тұқымдастар ішінде иығының биіктігімен ең үлкені болып саналады. Ал салмағы жағынан арыстан мен жолбарыстың түршелері салыстырмалы келеді. Арыстандардың аяқтары мықты, жақтары күшті, ал азу тістерінің ұзындығы 8 см, сондықтан да бұл жыртқыштар әжептәуір үлкен жануарларды өлтіре алады. Арыстанның бас қаңқасы жолбарыстікіне өте ұқсайды, әдеттегідей маңдай ауданы жалпақ және төмендеу. Мұрын тесіктері жолбарыстыкіне қарағанда кеңдеу. Осыған қарамастан, бұл екі түрдің бас қаңқа пішіндері өте ұқсас, айырмашылықтар тек төменгі жақтың құрылысында. Ал түстері болса енеке (сиыр тұқымдас күйіс қайыратын жануар) терісінің түсінен бастап, сарғыш, қызғылт немесе қою қоңыр түстері арасында ауыса береді. Арыстанның денесінің төменгі жағы жоғарғы жағына қарағанда ашықтау, ал құйрығының ұшы қара болып келеді. Арыстанның күшіктері туылғанында денелерінде барыстікіне ұқсас қоңыр дақтары болады. Уақыт өте жыныстық жетілістерге байланысты бұл дақтар жоқ болады, бірақ кейбір ересектерде, әсіресе аналықтарда, олар қарын мен аяқтарында сақталуы мүмкін.

Аң аулауы және қоректенуі

Арыстандар – өз құрбанын үйлескен топ болып аулайтын мықты жырқыштар. Арыстандар қысқа қашықтаққа тез жүгіреді және сол себепті өзінің құрбанына қысқа арақашықтықтан шабуылдайды. Өз құрбанына жақындау үшін көптеген айла-тәсілдер қолданады, мысалыға түнгі уақытта шабуылдайды. Арыстандар құрбанына 30 метр арақашық қалғанға дейін білдірмей жақындап, топты жан-жағынан қоршайды. Құрбандар қоршауға түскен кезде ең жақын жануарға тап береді. Арыстандар бар күшін салып, өз құрбанына шапшаң секіріп ұстауға тырысады. Қолға түскен жануар көп жағдайда




Систематикасы және Эволюциясы

Арыстан жыртқыш сүтқоректілер түрінің мысық тектес тұқым (Felidae) қатарына кіретін төрт пантер (Panthera) тұқымының бірі. Бұл топқа арыстанмен қоса жолбарыс, теңбілшер (ягуар) және де барыс (леопард) жатады. Тарихи деректерге сүйенсек, арыстан бастапқыда, нақтырақ айтақанда 800 000 – 1 млн жыл бұрын, Африканы мекен еткен. Уақыт өте, Голарктиа аумағына толықтай тараған. Тарихшылар қазба жұмыстарының нәтежесінде Еуропада, Италия қаласы Изерния маңында Пантера лео фоссилис түріне жататын жыртқыш аң сүйектері табылған болатын. Ғалымдар бұл жыртқыш шамамен 700 000 жыл бұрын өмір сүрген деген тұжырымға тоқтады. Шамамен осыдан 300 000 бұрын Еуропаның барлық аумағында және Сібірде өте ірі үңгір арыстаны өмір сүрген. Чукотка мен Алясканың байланыстыратын жоғарғы Плейстоценде арқылы арыстандар Солтүстік және Оңтүстік Америка аумағына да тараған. Осылайша америкалық арыстан (Panthera Leo atrox) қалыптасты. Алайда шамамен 10 000 жыл бұрын арыстаның бұл түрі соңғы мұзды басу кезінде жойылып кетті.

Көбеюі және өмірлік циклі

Төрт жастағы арыстан қаншығының көбісі ұрпақ жаңғырта алады . Басқа да мысық тұқымдастар сияқты арыстанның жыныстық мүшесінде қарсы бағытта бағытталған тікенектер орналасқан. Бұл тікенектер шағылысу кезінде қаншық арыстанда овуляция тудырады . Арыстанның қаншығы овуляция кезінде бірнеше еркек арыстандармен шағылыса алады . Арыстандар «mating bout» кезінде күніне 20-40 рет шағылыса алады. Арыстандар жабайы табиғатта жағдайда өте жақсы көбейеді.

- Арыстан 1 айда 672 айқасады



Арыстанда 30 тісі бар



Тек кәрі және әлсіреген арыстандар адамға шабуылдайды



Арыстанның тырнағы 7см дейін өседі



Увеличить (52.8 кбайт)

Жолбарыс пен Арыстанның ұрпағы Лигр деп аталады

